

14 дәріс. Психология саласындағы кадрлар даярлау проблемалары

Кез келген ғылыми-зерттеу бөлімшесінің тарихын қарастырғанда оның пайда болуына түрткі болған алғышарттарды, қозғаушы күштерді ескеруге міндеттіміз. Еліміздің өткен тарихы көп жайдың сырын ашып береді. Мәселен, отарлауға ұшыраған халықтарға тән ортақ тағдырды қазақтар да бастан кешірді. Бұрынғы кеңес Одағының ұлттық республикаларында орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тіл болып саналған еді. Метрополияның мемлекеттік тілін білмей қалаларда жұмысқа тұруға, қызметте көтерілуге, ғылыми жұмысты қорғауға мүмкіндік болмаған еді. Кеңес құрамындағы Қаз ССР де автохтон халық- қазақтардың этностенуінің күллі элементтері деформацияға ұшырады. Білім беру жүйесінде де этнизация процесі жүзеге асқан еді. Қазақ тілі қоғамдық өмірден жаппай ығыстырылды. Қалалық жастар арасында оны қолдануда негативтік бағдар, ұстаным қалыптасты. Ұлттың өз ішінен шыққан элитасы орыс ықпалына алғашқылардың бірі болып түсіп, кеңестік саясаттың басты қолшоқпарына айналды. Ұлт мәдениетіне жанашырларды қолдау орнына, керісінше оларға ұлтшылдар деген айдар тағып үлкен қиянат жасалынды.. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Қазақстанда қазақтардың реэтностену процесі жүре бастады. Мұның өзі еліміздегі ұлтаралық қатынастардың дамуын теориялық және эмпирикалық тұрғыда зерттеуге деген қажеттілікті тудырды. Бұл әр түрлі этносқа жататын адамдардың психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін

ғылым саласының – этнопсихологияның қарқынды дамуына әсер етті. Қазақстанның барлық жоғарғы оқу орындарында 2001-2002 жылынан бастап этнопсихология курсы енгізілді. Сондай-ақ, еліміздің психолог ғалымдары жоғарғы оқу орындарының студенттеріне этнопсихологиялық білім беру концепциясын жасап, оның жеке тұжырымдары 2001 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті қабылдаған «Білім туралы» Заңда өз көрінісін тапты.

Жалпы қоғамдағы ұлттық мәселелерге қатысты сұраныстарға жауап ретінде еліміздегі алдыңғы қатардағы жоғары оқу орнының бірі-әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де этникалық және педагогикалық психология кафедрасы құрыла бастады. 2000-жылдың 22-ақпанында университеттің Ғылыми Кеңесі бұрынғы психология кафедрасын екі дербес кафедраға - Этникалық және педагогикалық психология кафедрасы және Жалпы психология кафедрасына бөлу жөнінде қаулы қабылдайды. Ал 2000 жылдың 14-сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры К.Н. Нәрібаевтің № 3-512 бұйрығына сәйкес жеке этникалық және педагогикалық психология кафедрасы құрылды. Кафедраның меңгерушісі болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов тағайындалды.

Кафедраның ашылуы кезінде оның құрамында 12 оқытушы жұмыс істеген. Қазіргі кезде кафедрада 25 адам еңбек етеді, олардың үшеуі профессор, жетеуі доцент және он бесі оқытушы, олардың ішінде он бірі ғылым кандидаты болып табылады.

Кафедраның ғылыми зерттеу жұмысының жалпы бағыты «Тұлғаның әлеуметтенуінің этнопсихологиялық мәселелері». Берілген тақырып келесі аспектілерде құрастырылуда:

Оқыту процесіндегі тұлға әлеуметтенуінің этнопсихологиялық мәселелері.

Көпмәдениеттік даму жағдайындағы тұлғаның әлеуметтену мәселелері.

Кросс-мәдениеттік зерттеулер шеңберіндегі этникалық жаңсақ нанымдар мен таптауырындар.

Қазақстандағы психология тарихы мәселелері.

Этникалық және педагогикалық психология кафедрасының алғашқы меңгерушісіне арнайы тоқталып кететін болсақ, кафедраның дүниеге келген күнінен бастап бүгінгі уақытқа дейінгі меңгеруші болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов табылады. Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов - тәуелсіз Қазақстан бойынша ең бірінші болып, психология ғылымдарынан докторлық диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасы докторлық диссертацияларды қорғау Кеңесінің Д 14 А.02.32 бірінші төрағасы. 2000жылдың 1 наурызынан бастап, С.М. Жақыпов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ол 200-ден астам ғылыми еңбектерді, солардың ішінде екі монография, жеті кітаптар мен брошюралар, алты оқу құралын жарыққа шығарған. Профессор С.М. Жақыповтың жетекшілігімен 29 кандидаттық диссертация қорғалды. С.М. Жақыпов 1985 жылы алғашқы болып, адамдарды қатаң қадағаланатын лабораториялық эксперимент жағдайында бірлескен ойлау іс-әрекетінің мотивтерінің, мақсаттары мен мағыналарының қалыптасуы мен дамуының психологиялық механизмдерін зерттеді. Осы мақсатқа

жетуде онымен арнайы қондырғы жасалынды. Бұл арнайы техника тек белгілі – бір қиындықтағы интерактивті есептердің серияларын көрсету мен шектелмей, сонымен қатар, олардың вербалды және вербалды емес саналау деңгейлерінде шешу процесі мен нәтижелерін белгілеуде маңызды болды.

Осыдан алынған нәтижелер авторға бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осы тұжырымдама шеңберінде оқыту процесінің психологиялық құрылымын зерттеудің циклі жүргізілді. Бұл зерттеулердің көрсеткіштері бойынша оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің максималды тиімділігіне жету жолында психологиялық–дидактикалық жағдайлар анықталған. Осы және басқа эксперимент нәтижелері С.М. Жақыповқа оқыту процесінің тиімділігін психологиялық қамтамасыз ету жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді.